

2025 жылғы 9 маусым-1 шілде аралығында ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚК ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес Орталық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды анықтау мақсатында, қызметтегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдамалық анықтамасы

2025 жылғы 1 шілде.

ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚК қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы: ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – Орталық).

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі: ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚК бас директорының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы, комиссия құрамын бекіту туралы» 2025 жылғы 30 мамырдағы № 88/Ө Бұйрығы.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылғы 09 маусым – 1 шілде.

Орталық қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жылғы 3 қантар - 31 желтоқсан.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Орталықтың қызметіне қатысты ішкі нормативтік күжаттардағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

I. Орталықтың қызметіне қатысты ішкі нормативтік актілерде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау барысында Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік актілер зерделенді. Спорттық іш-шараларды өткізу, статистика және талдау бөлімі мемлекеттік тапсырма бойынша спорттық жарыстарды ұйымдастырып, өткізеді, алайда аталған жарыстарды ұйымдастырып, өткізу тәртібін реттейтін бекітілген күжат жок, лауазымды адамдардың міндеттемелері мен өкілеттіктерін орындауын бақылау рәсімі айқындалмаған, бұл жағдай зансыз пайда алу мақсатында өкілеттіктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін тудырады. Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырма бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырып, өткізетін дene шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін арттыру зертханасында

аймақтардағы өкілдермен ара қатынасты реттейтін, лауазымды тұлғаның құзыретін регламенттейтін ережелердің жоқтығы, лауазымдық міндettемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін дербес жауаптылықтың белгіленбеуі сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін туыннатуы мүмкін.

Аталған құрылымдық бөлімшелерде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізудің бекітілген ережесінің болмауы сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін туыннатуы мүмкін, сондықтанда құрылымдық бөлімдерде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуді реттейтін ішкі құжат болуы қажет. Сонымен қатар, орындалған жұмыстар актілерін қабылдау және қол қою кезінде өнім беруші ұсынған фото - және бейне есептердің Шарттың техникалық талаптарына сәйкестігін мүқият тексеру қажет. Спорттық іс-шараларға Орталық өкілдері міндettі түрде қатысып, жарыстың дұрыс өтуін қадағалап, одан әрі егжей-тегжейлі есеп беріп отыру тәртібін жолға қоят.

II. Орталықтың ұйымдастырушылық басқару қызметінде сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде зерттелетін кезенде мынадай қызмет бағыттары:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыйайлар жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау.

Орталықтың кадрларын іріктеу тәртібі КР Еңбек кодексіне және «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогын қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» КР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1017 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Бос лауазымға орналасуға кандидаттардың құжаттарын қараудың ашықтығы үшін орталықта комиссия құрылды, конкурстық іріктеу қағидалары бекітілген Конкурсқа қатысу үшін кандидат белгілі бір құжаттар топтамасын ұсынады, міндettі түрде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес сыйайлар жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама ұсынады.

Жаңадан қабылданған қызметкерлермен еңбек шарты enbek.kz порталы арқылы электронды нысанда жасалады, онда тараптардың құқықтары мен міндettтері, жауапкершіліктері, еңбек шарты мерзімі көрсетілген.

Орталықта есепті кезенде (04.01.2024 - 31.12.2024 ж. аралығында) 52 қызметкер жұмысқа қабылданған. Осы кезенде 57 қызметкер жұмыстан шығарылды. Жұмыстан шығарудың негізгі себебі-екі жақтың келісімі.

Орталық қызметкерлерінің жұмыс өтілін есептеу тәртібі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі (КР Білім және ғылым министрінің 2010.06.14 № 302 бұйрығы). Бас директордың бұйрығымен жаңадан қабылданатын қызметкерлердің еңбек өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның құрамы 2024 жылғы 10 қантардағы №1 бұйрығымен бекітілген. Сонымен қатар, Орталықтың барлық қызметкерлерінің еңбек өтілі жыл сайын қайта қаралады.

Дж. -

Ж.Ж.Жарасанов

2. Мұдделер қақтығысын реттеу.

Орталықтың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының мұдделер қақтығысын ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚҚ Мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты (26.01.2024 ж.) және ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚҚ Корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі (19.04.2024 ж.) реттейді. Орталықта мұдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар персоналды басқару және ұйымдастыру жұмысының жетекші сарапшы/комплаенс-офицеріне жүктелген; мұдделер қақтығысының мониторингі және оны реттеу бойынша шараптар қолданылған; қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау кезіндегі мұдделер қақтығысы фактілері анықталған жок.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету. Орталық қызметінде жок.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру. Орталық қызметінде жок.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру. Орталық қызметінде жок.

Орталық бақылау-тексеру және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды, халыққа немесе заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсетпейді.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

2024 жылы жоспар бойынша ақшалай қаражат түсімі – **1 131 790 мың теңге**, факт – **1 131 790 мың теңге** (игеру 100%). Оның ішінде:

респубикалық бюджеттен:

- Мемлекеттік тапсырма бойынша – **392 648 мың теңге**;
- Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы мемлекеттік органдарға (ҚР ЖК) қызметтерді іске асырудан:
 - **534 530 мың теңге** (орта білім беру ұйымдарының дene шынықтыру мұғалімдеріне арналған «дene шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтер қазақ және орыс тілдерінде білім беру. Курс тындаушыларының саны: 5377 адам);
 - **39 764 мың теңге** («Мектепке дейінгі білім беру педагогтарының, тәрбиешілері мен дene шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» білім беру бағдарламасы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу. Курс тындаушыларының саны: 400 адам);
 - **40 529 мың теңге** (Техникалық және кәсіптік білім беретін дene шынықтыру педагогтеріне арналған «Техникалық және кәсіптік білім беретін дene шынықтыру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту». Курс тындаушыларының саны: 453 адам);
- мемлекеттік органдарға (ҚР ҰӘК) мемлекеттік сатып алу порталы арқылы – **124 319 мың теңге** (Турин қаласында (Италия) XXXII Дүниежүзілік қыскы Универсиада).

Басқа мемлекеттік органдарға ұсынылатын есептердің тізбесі: - даму жоспары (Ф-14); - салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер бойынша

есеп: жылдық (Ф100 корпоративтік табыс салығы бойынша Декларация; Ф 700, 701 көлік құралдарына салынатын салық, жер салығы және мүлік салығы бойынша декларация); тоқсандық (Ф 200 - жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация, Ф 300 - КҚС бойынша декларация; - статистикалық есептер 1-инвест. - негізгі капиталға инвестициялар туралы есеп; 1 – инвест. (ай сайын).

Есептердің мынадай түрлері: қаржы-шаруашылық қызмет бойынша жылдық есептілік (бухгалтерлік баланс); Ф100-корпоративтік табыс салығы бойынша декларация; әлеуметтік Қаржы министрлігі статистикалық есебі(обр) - білім беру, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету ұйымының қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп және даму жоспарының орындалуы бойынша есеп (Ф-14); түгендеу активтер, оның ішінде Үй-жайлар мен автомобилдер (жылдық) қалыптасу сатысында.

Ішкі талдау жүргізу барысында бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша ескеरту, ұсынымдар жоқ.

7. Занды тұлғалармен шарттар жасасу.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушың 2024 жылға арналған жылдық жоспарымен бекітілген Мемлекеттік сатып алушың жалпы көлемі 490 132,65 мың теңге (КҚС-сыз) құрайды.

Орталықтың 2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспары бас директордың 2024 жылғы 1 қазандағы №67 ж-к бұйрығымен бекітілген.

2024 жыл ішінде: № 278, 10, 12, 19, 21, 32, 39, 57, 73, 81, 88, 101, 120, 129, 131, 1503, 154, 158, 164, 176, 181, 189, 193 Бұйрықтармен Мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2024 жылға жалпы сомасы 490 132,65 мың теңге (КҚС-сыз) мемлекеттік сатып алу Веб-порталы арқылы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынды, оның ішінде:

- Алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс – 150 481,76 мың теңге;
- Электрондық дүкен – 607,85 мың теңге;
- Баға ұсыныстарын сұрау – 61 960,01 мың теңге;
- Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 64 183,89 мың теңге;
- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден – 96 675,08 мың теңге.

Ішкі талдау жүргізу барысында мемлекеттік сатып алу бөлімінде мемлекеттік тапсырма бойынша сатып алударды іске асыру барысында сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына жол бермеуге мүмкіндік беретін шектеулер мен тыйымдар жоқ екендігі анықталды.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

2024 жылдың аяғында жеке тұлғалармен хат алмасу «Құжаттамашы» жүйесі арқылы жүргізілген. Азаматтардың өтініштерін қарау рәсімі «Е-өтініш» порталдары арқылы жүргізіледі. 2024 жылдың «Е-өтініш» порталына 2024 жылдың е-өтініш арқылы тіркеліп қаралған өтініштер саны-44, оның ішінде, 38-і өтініштер, 3-і ұсыныстар, 3-і сұрату хаттар. Мерзімі бұзылып қаралған өтініштер саны – 2. Мерзімі бұзылып қаралған өтініштер бойынша орындаушы аға әдіскер А.С. Бисембаеваға ескерту түріндегі тәртіптік шара қолданылды. Сонымен қатар,

Орталықтың фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларына тұрақты түрде сұрақтар, өтініштер келіп түседі және уақытылы жауап қайтарылады. Орталық электрондық еңбек биржасы порталында тіркелген, 2024 жылы 37 еңбек шарты электронды түрде жасалынған, енгізілген өзгерістер, қосымша шарттар порталға енгізілген.

9. Талдау объектісінің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінен туындаитын өзге де мәселелер.

Орталықта сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жүйелі жұмысты іске асыру мақсатында КР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚК Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ереже, Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Стандарт, Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Саясат, Корпоративтік әдеп және мінездүкүлік кодексі, Мұдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты әзірленді және бекітілді.

Барлық материалдар КР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дene тәрбиесі орталығы» РМҚК pprcf.kz сайтында «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі» айдарында орналастырылған.

Орталықта «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы іс-шаралар жоспарына сәйкес қызметкерлер арасында сыйайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ Орталықтың қызметінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді.

2024 жылы сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша 6 кеңес өткізілді (30.01.2024 ж., 28.06.2024 ж., 03.09.2024 ж., 13.09.2024 ж., 24.12.2024 ж. кеңестердің хаттамалары бар). Орталықтың ресми интернет-ресурсының мониторингі «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ҰҒПДТО іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы ақпарат» бөлімінде 2024 жылы іске асырылған іс-шаралар туралы мәліметтердің болуын көрсетті, сол арқылы ресми интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігі қамтамасыз етілді. 2024 жылға Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Орталықтың іс-шаралар жоспары бекітілген. (12.01.2024 ж.) Сонымен қатар, Сенім жәшігі туралы Ереже (№ 10 бүйрек, 04.01.2023ж.) және Сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы қызметкерлерге арналған жадынама (№ 11 бүйрек, 04.01.2023ж.) әзірленген.

2024 жылғы 27 наурыз берінен 25 сәуір аралығында Орталық қызметінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыйайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуды анықтау мақсатында, қызметтегі сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2023 жылдың 4 қантар – 29 желтоқсан аралығындағы мерзімге ішкі талдау жүргізілген. Ишкі талдау КР Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрекімен бекітілген «Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуудың үлгілік қағидаларына» сәйкес ішкі талдау жүргізу, жұмыс тобын құру туралы Орталық бас директорының 2024 жылғы 20 наурыздағы № 45 бүйрекі негізінде жүргізілген. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі, ішкі талдау

жүргізу нәтижелерін жария талқылау хаттамасы, ішкі талдамалық анықтама, ішкі талдау нәтижесі бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары кестеге сай уақытылы толтырылып, өткізілген.

III. Қорытынды бөлім.

Орталықта сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша одан әрі жүйелі жұмыс жүргізу, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында жұмыс тобы төмендегідей ішкі құжаттарды әзірлеу және бекітуді, оларға сыйбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған қағидалар енгізуі ұсынды:

- 1) Спорттық іс-шараларды өткізу, статистика және талдау бөлімі спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейтін ережені әзірлеу және бекіту;
- 2) Дене шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін арттыру зертханасы біліктілікті арттыру курсын ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейтін ережені әзірлеу және бекіту;
- 3) Мемлекеттік сатып алуды өткізуінде ішкі қағидаларын әзірлеу және бекіту. Құжатта техникалық ерекшелікке сәйкес келетін барлық растайтын құжаттардың бар-жоғын тексеру жөніндегі шаралар көзделуі тиіс.

Бас директор



А. Ташметов

Келісілді:

Байбосынов Д.С. – бас директор орынбасары;

Дрейт Н.А. – бас директор орынбасары;

Ералиева К.Х. – бас бухгалтер;

Раймбекова Ж.А. зертхана жетекшісі;

Әзімхан Н.Б.- бөлім басшысы;

Күшеров Н.А.- жетекші сарапшы;

Токтарбаева А.Е. - аға әдіскер;

Даuletбаева Б.Ж. - комплаенс-офицер.